

Ресми рецензент, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.Т. Акжолованың «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Балтымова Майра Рашидовнаның «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) <u>диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді</u>	«Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбында жазылған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы). 2) «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2003 жылғы 16 сәуір). 3) Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 наурыздағы № 148 қаулысы. 4) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.1.6. Білім алушының зияткерлік, рухани адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету) (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы). 5) Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық коммуникация мен технологиялар саласы және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №269 қаулысы).

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>«Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» тақырыбында жазылған зерттеу жұмысы ғылымның дамуына үлесін қосады.</p> <p>Ең алдымен диссертацияда қазақ балалар фольклорының генезисі, типологиясы, поэтикасын зерттеуде фольклордың көпқырлылығы, синкреттілігі балалар фольклорын бағалаушы субъект ретінде нысанға алынған. Аталған нысанға қазақ балалар фольклорының шығу тегін даналық, тағылымды мұра, парасат ұғымдары турасында қарастыра отырып, оның халық санасындағы халық танымы, халық тағылымы, салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылар деген ұғымдармен орныққан көрінісі арқылы дәйектеген.</p> <p>Екіншіден, қазақ балалар фольклорының генезисін ашудағы жүргізген зерттеу арқылы балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуы жолының халық шығармашылығынан сыр шертетін бай мұра ғана емес, ұрпақ тәрбиесінде өзіндік дәстүрлі көрінісі бар тәрбие бастауы деп тануымызға мүмкіндік береді.</p> <p>Үшіншіден, қазақ балалар фольклоры жанрларының классификациялану үлгілерінің ұсынылып, олардың талдануы фольклор жанрларының әдебиеттану саласындағы қарым-қатынастар жүйесін нығайтып, фольклористика ғылымын тереңінен түсінуге жол ашады.</p> <p>Жинақтап айтқанда, диссертациялық жұмыс қазақ балалар фольклорының шығу тегін, фольклор жанрларының типологиясын, оның поэтикалық көркемдігін танып, білуде және халықтық дәстүрлі отбасы тәрбиесін құруда, жойылып бара жатқан салт-дәстүрлеріміз бен жөн-жоралғыларымызды қайта жаңғыртып, ұрпағымыздың санасын рухани байыту турасындағы мәселелерді шешуде елеулі үлес қосады, маңыздылығы жұмыста ашып көрсетілген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауда және оны тәжірибелік тұрғыдан негіздеуде ой мен ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, стилистикалық және орфографиялық жағынан сауатты жазуы, екіұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы – автордың, Балтымова Майра Рашидованың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыста фольклортану саласындағы фольклор – халық шағармашылығы, фольклор – халық даналығы, фольклор – халық танымы, фольклор – авторсыз, халық тудырған халық шығармалары мен халықтың санасында адамзат дамуынан бастап орныққан халықтық білімдер жүйесі ретіндегі көрінісі мен әдебиет, мәдениет саласында дамып, жетіліп, өзгерістерге ұшырап, трансформацияланатын тұстарына ғылыми-теориялық

			<p>және тәжірибелік зерттеулер жүргізіліп, фольклор үлгілеріне жасалған талдаулар жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Оның негізделуі халық аузынан тарап, сабақтасып, жалғасып, ұрпақ санасына сіңіп келе жатқан қазақ балалар фольклоры күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әдет-ғұрыпта, салт-дәстүрде зерделеніп, бүгінгі күні ғылыми зерттеу нысанына айналуы қазақ балалар фольклоры өзінің зерттелу аясын әдебиеттің дамуынан бастағаны тұжырымдауға негіз болған. Өйткені фольклор мен әдебиеттегі табиғи-органикалық байланыстар қазақ балалар фольклорын зерттеу үшін маңызды. Сонымен қатар теориялық мәселені негіздеу үшін талдауға алынған А. Құнанбаевтың «Қара сөздері», Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» еңбегіндегі мәтіндердің қарастырылуы және талдануы, Х. Досмұхамедовтың «Аламан» еңбегіндегі қазақ балалар фольклорының классификациялану үлгілерінің негізге алынуы зерттеу тақырыбының өзектілігіне тағы дәлел бола алады. Тарқатып айтқанда, А. Құнанбаевтың «Қара сөздері», Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» еңбегіндегі мәтіндер әдебиеттану, тіл білімі саласында стилистикалық, философияда дүниетанымдық көзқарастар турасында қарастырылса, аталған еңбектер қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын, зерттелу деңгейін ашып көрсетуде фольклорлық зерттеулер тұрғысынан талдауға түсу нәтижесінде анықталған тың тұжырымдармен толыға түседі. Ал осы талдаулар мәтіндермен жұмыс арқылы дәйектеліп отырады. Зерттеудің теориялық бөліміндегі көзқарастар мен ізденістер диссертация жұмысының үшінші бөліміне өзек болған. Жинақтап айтқанда тақырыпты ашу үшін мазмұнды құрастыру «дерексізден деректіге қарай» ұстанымына негізделген. Жүз томдық «Балалар сөзінің» балалар фольклорына арналған 72-томы мен «Дала фольклоры антологиясының» 6-томын басты ғылыми нысанға ала отырып, аталған еңбектердегі балалар фольклоры мәтіндерінің көркемдік сипатын талдап, жүйелеген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация тақырыбы «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» деп аталады және бұл тақырып мазмұнын ашу үшін ізденуші, бірінші кезекте «фольклор» ұғымы мен оның зерттелу аспектілеріне тоқталады. Сол арқылы тақырыпты айқындауға қажетті фольклордың тарихи, мәдени құбылыс екендігі, фольклордың авторсыздығы, синкреттілігі, көпқырлылығын көрсету үшін оның көркемдік сипаты, композициясы, типологиясы мен поэтикасы талданған. Бұл қазақ балалар фольклорының салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан бастау алатын көрінісі халықтық</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>дәстүрлі тәрбиенің ұрпақ болашағын құруда маңызды екендігін негіздейді.</p> <p>Жұмыста алға қойылған мақсат – қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуын, зерттелуін қарастыру, жіктелуі мен жанрлық ерекшелігін, көркемдік сипаты мен сюжеттік-композициялық құрылымын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін нақты үш міндетті шешу көзделген. Олар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ балалар фольклорының қалыптасу, даму, зерттелу, жинақталу кезеңдерін жан-жақты зерделеу, қазақ балалар фольклорының мифологиялық мотивтерін, мифтік сипатын айқындау. Бұл міндетті шешу арқылы диссертант зерттеу тақырыбына қатысты өзекті мәселені өзіне дейінгі зерттеулерге сүйене отырып анықтайды және бұл фольклорға қатысты зерттеулердің бағытын айқындау нәтижесінде жүзеге асырылады. - қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін саралау, балалар фольклорының салалары: әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклорын зерделеу, балалар фольклоры жанрларының танымдық, тәрбиелік, көркемдік, эстетикалық сипатын айқындау – жұмыста алға қойылған екінші міндет. Бұл міндеттің шешілуі диссертацияда нысанға алынған балалар фольклоры жанрларын саралауға негіз болады. - қазақ балалар фольклорының сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін ашып көрсету, дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үдерісіне сай үлгілерін сараптау, талдау – үшінші міндет. Бұл соңғы міндет қазақ балалар фольклоры мәтіндерін көркемдік құралдарды пайдалана отырып, талдау жұмысын жүргізуге негізделіп, соның нәтижесінде тәжірибелік ұсыныстар беруге бағытталған. <p>Жинақтай айтқанда, зерттеу мақсатына жеткізетін міндеттердің бір-бірінен туындауы, бірін екіншісі толықтыру мақсат пен міндеттердің өзара сабақтастыққа құрылғанын көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен тұрады, олар бір-бірімен толық логикалық байланысты болып келеді. Диссертацияның 17-57 беттер аралығын қамтитын 1-бөлімі қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен зерттелуінен бастап, фольклордағы мифологиялық мотивтердің көрінісі арқылы генезисін анықтау, сипаттау, талдауға құрылған. Бұл – зерттеу жұмысының теориялық жағы болса, оның практикалық қыры келесі 2-бөлімде қарастырылған. Яғни 58-113 беттер аралығындағы нақты диссертаци нысаны болып табылатын қазақ балалар фольклорының жанрлық ерекшелігі, классификациялану үлгілері, оның ішкі салаларға бөлініп, әлпештеу</p>

			<p>фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры жайында теориялық тұрғыда қарастырылып, оған қоса аталған фольклор салаларының мәтіндерде талдануы негізінде іске асырылған. Осы балалар фольклоры салаларының ұрпақ санасында сәулеленіп, орнығуы зерттеу жұмысының 114-158 беттер аралығын қамтитын 3-бөліміне жалғасып, мәтіндердің талдауы көркемдеуіш құралдардың көмегімен жүзеге асырылып, нақты қорытындылармен тұжырымдалған. Осының негізінде диссертацияны бір-бірінен туындайтын өзара толық байланысқа құрылған зерттеу жұмысы деп бағалауға болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Жұмыс авторы Балтымова Майра Рашидовна ұсынған шешімдер тақырыпқа қатысты бірнеше ғылыми-теориялық тұжырымдарды талдай отырып, оларды салыстырып, өзіндік сыни талдауы негізінде өзіндік ой қорытынды жасаған. Мәселен, зерттеу тақырыбының негізгі тірек сөздері мен ұғымдары болып табылатын «фольклор», «балалар фольклоры», «балалар фольклорының жанрлары», «генезис», «поэтика», «типология» терминдеріне қатысты пікірлерге талдау жасай келе, аталған терминдерді халық шығармашылығы, халық танымы, халық даналығы, даналық, тағылымды мұра, парасат, этнография, әдебиет (17-19 бб.) салаларында қолданылатын терминдермен сабақтастыра қолданған. Сонымен бірге, балалар фольклорының жанрларына (санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер) (61-71 бб.) талдау жасауда олардың арнайы сөздіктердегі берілген анықтамаларына сүйене отырып, олардың ерекшеліктерін талдап, оларға өзіндік дәлелдемелер келтіріп отырады. Диссертацияның 102-бетіндегі кеңес фольклортанушылары Г.С. Виноградов, П.В. Аникиннің: «Ойында халық педагогикасының, өнердің, дене тәрбиесінің түрлі сипаттары етене сіңісіп ерекше құрылым түзейді. Осы сипатымен ол фольклорға ғана тән өзінше ерек қасиетке ие» деген пікірді, ойындық фольклордың әлеуметтік рөлінің жоғары екендігін айтып, болашақ мамандықты таңдауға бейімдейтін қызметін назардан тыс қалдырғанын айтып толықтыруы арқылы ізденушінің жеке көзқарастарын көрсетуі жұмыстың тәжірибелік сипатын артыруға негіз болды деп есептейміз. Сонымен бірге, зерттеуші Г. Сағынадиннің тұлкінің сыртқы келбеті мен терісінің ерекше бағалы екендігін ерекшелеп, «Тұлкінің баласындай сүйкімді бол» деп тілек тілеуі туралы айтылған пікірдің қарама-қайшылық тудыратын жағы бар (диссер. 94-бет) екендігін көрсетуі ізденушінің зерттеу жұмысын жүргізу барысында жан-жақты теориялық және тәжірибелік дайындығын көрсетеді.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ балалар фольклорының поэтикалық қырын анықтаудағы балалар фольклоры жанрларының эстетикалық қызметі арқылы тұжырымдауы, оны Абай өлеңдерімен салыстыра отырып, фольклор жанрларының поэтикасын анықтауда фольклорлық дәстүр ұстанымының ролін көрсетуі жайындағы тың тұжырымы (бұл туралы 20-21 беттерде айтылады). - А. Байтұрсынов зерттеулері арқылы қазақ балалар фольклоры тілінде бейнелі сөздерді, теңеу, метафора, метонимия, шеңдестіру, арнау, қайталау, дамыту, бүкпелеу, өрбіту түріндегі көркемдеуіш құралдарды қолдану арқылы балалар фольклоры мәтіндерін талдауда бағыт берілгенін көрсетуі, баланы ақылға шақырып, ақымақтықтан бас тартуға баулитын хайуанаттар туралы мысалдарды толықтыруы (37-б.). - халықтың сауаты болмаған кездегі халық аузынан тараған шығармалардың әнмен, күймен, бимен, сөзбен өрнектеліп толғауларға, дастандарға, жырларға айналатын көрінісін әуезе, толғау түсініктерімен түсіндірген А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегіне сүйене отырып, (37-б.) балалар арасындағы өтірік өлеңдер, ертегілер, қызықтамалар, мазақтамалар түріндегі пайда болған балалар фольклоры жанрларын дәйектеуі. - қазақ балалар фольклорының классификациясын талдау кезіндегі фольклордың негізгі белгілеріне тоқталып, оның негізгі ерекшеліктерін назарда ұстану керектігі туралы тұжырымдардың қатарын ұсынуы (77-б.). - қазақ балалар фольклорының классификациясын жасауда ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, балалар фольклорының ерекшеліктерін анықтаудың шарттарын ұсынуы (79-б.). - қазақ балалар фольклорының көркемдік сипатын ашуда фольклордың көркемдік сипатын құбылту мен айшықтаудың түрлерін кестемен түсіндіруі (131-132 бб.). - қазақ балалар фольклорындағы сюжет пен композицияға негізделген жанрлардың көркемдік ерекшеліктерін кестемен қорытындылауы (143-144 бб.). Қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану көрінісін сипаттап, қорытындылар жасауы зерттеу жұмысының келесі бөлімінде толық баяндалады.
----	----------------------------	--	---

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар немесе қорытындылар саны – алтау, оларға қатысты сараптама.</p> <p>Бірінші қорытынды жаңа болып табылады, дегенмен белгілі бір ішінара зерттеулер кездесіп қалады. Мәселен, ұрпақ тәрбиесін ата-баба салып кеткен сара жолмен құруға, халқымыздың санасында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдарды, жөн-жоралғыларды жалғастыруға қызмет ететін халық тағылымы деген тұжырымы. Ал жаңашылдығы – қазақ балалар фольклорының ұрпақ санасын рухани азықтандырушы құрал ретіндегі қызметі болып табылуы.</p> <p>Екінші қорытынды тұжырым – жаңа. Қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе. Қазақ балалар фольклорындағы мифологиялық көзқарастарды анықтауда, балалар фольклорының жанрларын жекелеген түрде талдап, саралап зерттегенде миф жанрының көрініс табуы. Қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе екендігі.</p> <p>Үшінші қорытындысы – жаңа. Қазақ балалар фольклоры жанрларында сюжеттің оқиғалық желісі, қиял мен шындықтың араласып келуі, көркемделуі балалар фольклоры туындыларының типологиялық ерекшелігінің санамалап берілуі.</p> <p>Төртінші түйін – жаңа. Бұл қорытынды тұжырым қазақ балалар фольклорының поэтикасы, оның мәні көркемдік құралдар теңеу, эпитет, литота, метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, күшейту, алмастыру, әсірелеу, кішірейту, қайталаулармен және фольклор мәтіндерімен бекітілетінін санамалап көрсетуі. Балалар фольклоры жанрларының поэтикасы мен көркемдік мәні шығарманың басталып, шарықтауы, өрбуі, аяқталуынан тұратын тұрақты бірнеше элементтерден құралатындығын нақтылауы (135-б.). Балалар фольклоры жанрларының поэтикасы мен көркемдік мәні шығарманың басталып, шарықтауы, өрбуі, аяқталуынан тұратын тұрақты бірнеше элементтерден құралатындығын нақтылап, ертегілердің шарықтау шегіне шолу жасап қорытуымен байланысты (139-б.).</p> <p>Бесінші тұжырымы қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үлгісі музыкада әуендер, кинода, театрда сахналық қойылымдар мен анимацияланған фильмдер, балалар мультфильмдері, қолөнер мен сәулет өнері арқылы орындалып, сөз өнерімен қатар саз өнері</p>
--	--	--	--

			<p>ретіндегі көрінісі этнографиялық айшықтарда елеулі орын алатын тұсын баяндауы (144-158 бб.) бүгінгі күнгі қазақ балалар фольклорының даму үдерісін көрсетуімен жаңа.</p> <p>Соңғы қорытынды тұжырым – жаңа. Бұл тұжырым зерттеу жұмысында жүргізілген мәтіндердің талдауының нәтижесінде жасалған. Қазақ балалар фольклоры ұрпақ санасында отбасылық, дәстүрлі тәрбие негізінде орынығып, фольклор туындыларының көркемдік сипаты ұрпағымыздың тұлғалық дамуын қалыптастыруда жанрлық жіктелудің маңыздылығы.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Таратып айтқанда, зерттеу мақсаты ретінде алға қойылған мәселе қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуын адамзаттың өмір сүрген кезінен бастау алатын, бүгінгі күнге дейін жойылмай өмір сүріп келе жатқандығы белгілі бір аксиомаларға, заңдылықтарға негізделе отырып түсіндірілуі тарихи дәуірлерде орын алған этникалық байланыстар мен этнографиялық зерттеулердің басшылыққа алынуы көзделген. Сонымен бірге фольклордың шығу тегін көне замандардан бергі келе жатқан әдет-ғұрыптарды тереңінен талдау нәтижесінде қалыптасып, дамыған үрдісін саралауы кезінде А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, (диссер. 20, 24, 26 бб.) А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедовтың зерттеулері мен көзқарастарына сүйенген. XV-XVIII ғасырларда орын алған тарихи оқиғалар жайындағы аңыздардың пайда болуы халқымыздың санасы мен рухани танымын дамытудағы маңызын көрсетуде фольклортанушы, академик С. Қасқабасовтың фольклор үлгілерінің сынға алынуы жайындағы пікірлерін де келтірген (30-31 бб.).</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Қорғауға алынған негізгі тұжырымдар:</p> <p>Бірінші тұжырымдағы қазақ балалар фольклорының халқымыздың санасында қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдарды, жөн-жоралғыларды жалғастыруға қызмет ететін халық тағылымы екендігін талдаулармен дәлелдеген. Қазақ балалар фольклорының жинақталу деңгейін кезеңдерге бөліп, тұжырымдаған (56-57 бб.). Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Екінші тұжырымға сай қазақ балалар фольклорының генезисі – фольклордың мифологиялық мотивтері, фольклор мұралары, наным-сенімдер, мифтік түсініктер мен көзқарастар негізінде түсіндірілетін жүйе деп көрсетілуі балалар фольклорының жанларын жекелеген түрде талдауда сараланған және миф жанрының бар екендігімен көрсетілген. Мұны қазақ балалар фольклорындағы мифтік мотивтермен, аспан әлемімен байланысты түсініктерді көрсететін ертегілердің талдауларымен түсіндірген (50-56 бб.). Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Үшінші тұжырымдағы қазақ балалар фольклоры классификациялану үлгілері мен оны орындаушыларына қарай бесік жыры, уату-алдарату жырлары, мәпелеу жырлары мен сұрамақ, санамақ, қаламақ, такпақтардың орындалуын құраушы жүйе деп түйінделуі әлпештеу фольклоры, ойындық фольклор, отбасылық ғұрып фольклоры, жеткіншектер фольклоры деп ірі салаларға бөлінген құрылым ретінде талдауға негіз болған (85-113 б.). Қазақ балалар фольклоры жанрларында сюжеттің оқиғалық желісі, қиял мен шындықтың араласып келуі, көркемделуі балалар фольклоры туындыларының типологиясын анықтап, балалар фольклоры жанрларының арнайы сөздіктердегі анықтамаларын анықтауға және олардың ғылыми зерттеулерде мағыналық тұрғыдан балалардың танымына сай келетін тұстарын саралауға негіз болған (67-68 бб.). Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Төртінші тұжырымдағы қазақ балалар фольклорының поэтикасын, оның мәнін көркемдік құралдар теңеу, эпитет, литота, метафора, метонимия, синекдоха, кейіптеу, күшейту, алмастыру, әсірелеу, кішірейту, қайталаулармен және фольклор мәтіндерімен бекітуі балалар фольклоры шығармаларында тіл көркемдігі, бейнелеу құралдары кездесетіндігін көрсетеді. Балалар фольклоры жанрларының поэтикасы мен көркемдік мәні шығарманың басталуы, шарықтауы, өрбуі, аяқталуынан тұратын тұрақты бірнеше элементтерден құралатынды мәтіндерге талдаулар жасаумен дәлелденіп, түйінделген (118,</p>
----	--	--	---

			<p>120, 123, 131-133, 138, 139, 143 бб.). Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Бесінші тұжырым бойынша қазақ балалар фольклорының дәстүрлі орындалуы мен трансформациялану үлгісі музыкада әуендер, кинода, театрда сахналық қойылымдар мен анимацияланған фильмдер, балалар мультфильмдері, колөнер мен сәулет өнері арқылы өмір сүретіндігі мәтіндерге жасалған талдаулармен түйінделген (144-158 бб.). Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Соңғы тұжырымдағы жанрлық жіктелуіне қарай қазақ балалар фольклоры ұрпақ санасында отбасылық, дәстүрлі тәрбие негізінде орынығып, фольклор туындыларының көркемдік сипаты ұрпағымыздың тұлғалық дамуын қалыптастыратын көрінісі зерттеу жұмысының тәжірибелік сипаты арқылы дәлелденген. Тривиалды емес. Жаңа. Қолдану деңгейі кең. Мақалада дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және</p>	<p>Әдіснаманы таңдау – негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін философиялық, мәдени, әдеби, этнографиялық, когнитивтік аспектілер құрайды. Сәйкесінше зерттеудің әдіс-тәсілдері сараланған. Мәтіндерге жасалған талдаулар үшін когнитивтік, әдеби талдау тәсілдері қолданылған.</p> <p>Зерттеу жұмысының нәтижелерін шығаруда, жалпы еңбекті жазу барысында компьютерлік технологиялар қолданылған. Мысалы, тәжірибелік сипатта жүргізілген мәтіндерге талдаулар кезінде сандық және сапалық жағынан салыстыру жұмыстары кезінде қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар балалар фольклорының үлгілеріне көркемдік құралдар арқылы әдеби талдаулар жасау негізінде дәйектелген. Сонымен қатар қазақ балалар фольклорының мәтіндеріне көркемдік құралдар арқылы талдаулар жасаудың негізінде анықталған нәтижелер сараланып, ұжырымдар</p>

		<p>зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>жасалған (101, 118, 120, 123-беттерде). Тәжірибелік сипатта жүргізілген әдеби талдаулардың нәтижелері диссертацияның 131-132, 143-144 беттерінде кестемен көрсетілген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын жарыққа шыққан ғылыми сенімді еңбектерге, монография, ғылыми мақалалар, конференция материалдарының жарияланымдары талданып, оларға сілтеме берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, жалпы саны 127 еңбек.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>бар</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияда қол жеткізген нәтижелер теориялық тұрғыда білім беру, әдебиеттану, мәдениеттану, философия, фольклортану, педагогика салаларындағы зерттеулер қатарын толықтыра алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолданудың мүмкіндігі жоғары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75%</u></p>	<p>Практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Қол жеткізген мәселелерді фольклорды, балалар фольклорын зерттеу бағытындағы талдау жұмыстарын жалғастыруға, филология білім беру бағдарламасы бойынша білім беру факультеттерінде балалар фольклоры, фольклортану курстарын жүргізуге материал ретінде пайдалануға болады.</p>

		жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Жұмыс жазу барысында қолданылған сөз орамдары, синтаксистік күрделі құрылымдық логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Орфографиялық және пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазылған. Бұл санамалап көрсетілген шарттар еңбектің академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға негіз болды.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұнына, стиліне қатысты ескерту: 1) салт-дәстүрлерге негізделіп, мағынасы жағынан қысқара келе мақалға айналып кететін тұсы бар өлеңдер туралы айтылған (75-бетте) және оған мысал берілген. Осы тектес мысалдардың бірнешеуі берілсе, зерттеу жұмысының тәжірибелік қолданбалы сипаты артар еді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда респи рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – он алты. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер: «Қазақ балалар фольклорының жанрлық жіктелімі» (№1(130), 2020 ж.), «Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде» (№3(99), 2020 ж.), «Балаларға арналған фольклорлық шығармаларды игерту жолдары» тақырыбындағы ғылыми мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын бөлімдермен сәйкес келеді, ғылыми деңгейлері жоғары (№4(137), 2021 ж.), «Children's folklore is the source of the preservation of folk traditions» (№2(143), 2023 ж.), «Қазақ балалар фольклорының қалыптасуы» (№1(72), 2024 ж.) жарияланымдары диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік негіздерін құрайды. Бұл жарияланымдардың ғылыми деңгейі жоғары. Қазақ балалар фольклорының жанрлары мен олардың классификациясы, мифологиялық мотивтері, танымдық қызметіне байланысты басқа да конференция материалдары мен ғылыми басылымдарда жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуге көзделген бөлімдерге сәйкес келеді.

13	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Балтымова Майра Рашидовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
----	---	--	---

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Балтымова Майра Рашидовнаға «6D020500 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Балтымова Майра Рашидовнаның «Қазақ балалар фольклоры: генезисі, типологиясы, поэтикасы» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагогика және психология факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



А.Т. Ақжолова

25.11.2024